



АТҚАРУ КОМИТЕТІ

ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ ПОСТАНОВЛЕНИЕ

15.04.2020 жыл

№ 2, 1-т.

**Төтенше жағдай енгізу кезінде
қызметкерлердің еңбек құқықтарын
қорғау жөніндегі жұмыс жағдайы туралы**

Кәсіподақ төрайымының орынбасары В.Ф.Беженаровтың «Төтенше жағдай енгізу кезінде қызметкерлердің еңбек құқықтарын қорғау жөніндегі жұмыс жағдайы туралы» ақпаратын тыңдап және талқылай отырып, Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының Атқару комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Басқарушы кәсіподақ органдары қоғамдық бақылаудың, әлеуметтік әріптестіктің нысандарын және өзге де қорғау құралдарын қолдана отырып, сала қызметкерлерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі жұмысты белсендірсін. Қызметкерлерден түскен өтініштерге жедел жауап қайтаруды, бұзылған құқықтарын қалпына келтіру жөнінде нақты шаралар қабылдауды қамтамасыз етсін.

2. Мүшелік ұйымдардың басқарушы органдары қызметтің құқықтық құраушысын күшейтіп, құқықтық қызметкерлердің қашықтықтан жұмысы үшін қажетті жағдайды жасасын. Жұмыс берушілердің әлеуметтік әріптестік актілерімен шартталған еңбек жағдайларының орындалуы қамтамасыз етілсін. Төтенше жағдай күшін жойғанға дейін сала ұйымдарында жұмыспен қамтылу мониторингісі жалғастырылсын.

3. Барлық деңгейлердегі кәсіподақ органдары ақпараттық жұмысты күшейтсін. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама ережелерін түсіндіріп, кәсіподақ ұйымдарының жұмысын жариялау үшін барлық қолжетімді бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерді қолданысын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Кәсіподақ төрайымының орынбасары В.Ф.Беженаровқа жүктелсін.

Төрайым

А. Мұқашева